

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 457 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қарашадағы N 1515 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.

Елдің экономикалық қауіпсіздігін сақтау және ішкі рынокты мұнай өнімдерімен толықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Қазақстан Республикасына жекелеген тауарларды әкелуге арналған шектеулерді енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 457 P010457_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 13, 159-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақтағы "2001 жылғы 31 желтоқсанға дейін" деген сөздер "2002 жылғы 31 желтоқсанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулыға қосымшада:

"2710 00 150 2710 00 110 кіші субпозицияда 2000 тонна көрсетілгеннен басқа, процестердегі химиялық түрлендірулер үшін "

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"2710 00 150 2710 00 110 кіші субпозицияда 200 000 тонна көрсетілгеннен басқа, процестердегі химиялық түрлендірулер үшін ".

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық комитетін осы қаулының 1-тармағына сәйкес өзгерістер енгізілгендігі туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК